

**Министерство по делам религий и гражданского общества
Республики Казахстан**

Министерство образования и науки Республики Казахстан

Центр поддержки гражданских инициатив

Конгресс политологов Казахстана

Казахстанский философский Конгресс

**Институт философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК**

Институт Евразийской интеграции

**«ФИЛОСОФИЯ-САЯСАТТАНУ ӨЛШЕМІНДЕГІ
ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ»,
«ҚАЗАҚСТАН ФИЛОСОФИЯСЫ ӘЛЕМДІК
ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ОЙ КЕҢІСТІГІНДЕ:
ТАРИХЫ, БҮГІНІ, КЕЛЕШЕГІ»**

**Философтар мен саясаттанушылардың халықаралық
форумының, II Қазақстандық философиялық Конгресс
материалдары**

**«25 LET NEZAVISIMOSTI KAZAKHSTANA
V FILOSOFSCO-POLITOLOGICHESKOM
IZMEREENII»,**

**«ФИЛОСОФИЯ КАЗАХСТАНА В ПРОСТРАНСТВЕ
МИРОВОЙ ФИЛОСОФСКОЙ МЫСЛИ: ИСТОРИЯ,
СОВРЕМЕННОСТЬ, ПЕРСПЕКТИВЫ»**

**Материалы Международного форума философов и политологов,
II Казахстанского философского Конгресса**

**«THE 25 YEARS OF INDEPENDENCE OF KAZAKHSTAN
IN PHILOSOPHICAL AND POLITICAL MEASUREMENT»,
«PHILOSOPHY OF KAZAKHSTAN IN SPACE OF WORLD
PHILOSOPHICAL THOUGHT: HISTORY,
MODERNITY, PROSPECTS»**

**Materials of the International Forum of Philosophers and Political
Scientists, II Kazakhstani Philosophical Congress**

Алматы 2016

УДК 1(091)(082)
ББК 87.3
Ф 54

*Рекомендовано Учёным советом Института философии,
политологии и религиоведения Комитета науки МОН РК*

Под общей редакцией

З.К. Шаукеновой, члена-корреспондента НАН РК, доктора
социологических наук, профессора

Редакционная коллегия:

С.Ю. Колчигин (ответственный редактор),
Ж.Д. Кусмангалиева, С.Е. Нурмуратов, А. Сагикызы,
М.З. Изотов, М.С. Шайкемелев, Ж.Б. Ошакбаева

Ф 54 Философия Казахстана в пространстве мировой философской мысли: история, современность, перспективы. 25 лет независимости Казахстана в философско-политологическом измерении. Материалы Международного форума философов и политологов, II Казахстанского философского Конгресса (Алматы, 29-30 сентября 2016 г.) – Алматы, 2016. – 416 с.

ISBN – 978-601-304-076-9

В настоящий сборник вошли материалы Международного Форума философов и политологов, II Казахстанского философского Конгресса, посвященных 25-летию Независимости Республики Казахстан.

Работа форумов была посвящена классическим и актуальным методологическим проблемам философских исследований, истории философии и современной гуманитаристики, вопросам развития национальной казахской философии, назревшим задачам гуманитарного образования и его социально-культурным детерминантам в Казахстане и мире.

Важной темой философско-политологического осмысления явились стратегические направления развития республики в глобальном мире, идея «Мәңгілік Ел», ее исторические корни и духовное содержание.

В работе приняли участие делегаты из всех регионов республики, а также гости из зарубежных стран.

Предназначается философам-профессионалам, политологам, представителям социально-гуманитарных наук, а также студентам, магистрантам и докторантам, изучающим философию, культурологию, историю и другие дисциплины.

**УДК 1(091)(082)
ББК 87.3**

ISBN – 978-601-304-076-9 © Центр поддержки гражданских инициатив, 2016
© Конгресс политологов Казахстана, 2016
© Казахстанский философский Конгресс, 2016
© Институт философии, политологии
и религиоведения КН МОН РК, 2016
© Институт Евразийской интеграции, 2016

СОДЕРЖАНИЕ

Предисловие директор Института философии, политологии и религиоведения КН МОН РК З. Шаукенова	11
Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігі басшысының орынбасары Б.А.Майлыбаевтың құттықтау сөзі.....	18
Приветственное слово Министра образования и науки Республики Казахстан Е.К.Сагадиева	22
Қазақстан Республикасы Парламенты Сенатының Депутаты А.Х.Бижановтың құттықтау сөзі.....	24
Приветственное слово Депутата Мажилиса Парламента Республики Казахстан Д.Н.Нурманбетовой	27
Приветственное слово Российского философского общества	29
Раздел 1. СТАТУС И ЗАДАЧИ ФИЛОСОФИИ В НОВОЙ ГЛОБАЛЬНОЙ РЕАЛЬНОСТИ	
Абдрасилова Г. Ғылымның даму үлгілері туралы мәселе.....	31
Абрахматова Г., Дакенов М. Миграция как катализатор модернизации казахского общества.....	34
Аликенова К. Батыстандыру және қазіргі этносаралық үрдіс.....	37
Альмуханов С. Экзистенциальные основания трансцендентального субъекта.....	40
Амельченко С. Культура как объект философского познания в современном научном мире.....	43

Әбдіраманова А. Ізгілік және пайда ұғымдарының этикалыққырлары.....	46
Байдаров Е. Философия экономики как предмет философии (о роли философии экономики в процессах модернизации Республики Казахстан).....	50
Бахтин М. Россия и новый мировой порядок.....	53
Бегалиев Н. Культура как информационная система.....	56
Беляков Н. Философия и наука: отличие и взаимосвязь.....	59
Бижанова М. Философиялық антропологиялық білімнің эволюциясы мен мазмұны.....	62
Бояринов С. Творение в цветах.....	65
Вильданова М. Религиозно-нравственные проблемы развития нанотехнологий.....	67
Вильданов У. Шейх Зайнулла Расулев о четырех этапах пути к наивысшему совершенству.....	70
Гусева Н. «Трансгуманитарные» смыслы тенденций в современной философии.....	73
Дайрабаева Г., Малдыбек А. Степень толерантности – критерий уровня духовности человека и общества.....	77
Дидикин А. Философские проблемы реализации национальной технологической инициативы.....	80
Дик П., Мусийчук М. Философская духовность в развитии личности.....	83
Дунаев В., Курганская В. Философия и «великие духовные автоматы» театра и кино.....	86
Елеукулова А. Философские проблемы медицины.....	90
Елхова О. Виртуальная иллюзия присутствия.....	94
Ешпанова Д. Социальное неравенство: опыт философского анализа.....	97
Изотов М. Философское осмысление роли науки в XXI век.....	100

ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМНІҢ ЭВОЛЮЦИЯСЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Меруерт БИЖАНОВА
(Алматы)

Философияның бүкіләлемдік тарихында адам мәселесі негізгі іргелі тақырыптардың бірі болып табылады және осы мәселемен айналысатын үлкен арнайы білім саласы философиялық антропология деп аталады. Ең іргелі мәселе болып табылатын себебі көптеген ойшылдар адамды микрокосм ретінде қарастырды, яғни макрокосмды немесе бүкіл ғаламды түсіндірудің кілті адамда деп есептеді. «Философтар адамның жұмбағын шешу болмыстың құпиясын ашуды білдіреді деген санаға үнемі қайтып оралады, – дейді орыс ойшылы Н. Бердяев – Өзінді өзің танысаң, осы арқылы әлемді танысың. Адамның тұңғығына бойламай, дүниені сырттай танудың барлық ұмтылыстары нәрселер туралы тек үстірт білім ғана береді. Егер адамнан тыс сыртқа жүрер болсақ, нәрселердің мәніне ешқашан жете алмаймыз, өйткені мәннің шешімі адамның өзінде жасырылған». Сондықтан да «Өзінді өзің таны» (әдетте Сократқа телінеді) деген императив барлық философиялық және діни жүйелерде кездеседі. Қытай ойшылы Лао Цзы «Басқаларды білген – ақылды, өзін білген – данышпан» десе, «Адам барлық нәрсенің өлшемі» дейді грек Протагор. Иса пайғамбар «Құдай патшалығы біздің ішімізде», буддизм «Өзіңе үніл, сен Буддасың» десе, Исламда «Өзін білген өзінің Құдайын да біледі» делінеді.

Адам кім? Соңғы дәуірде адамды зерттеу саласындағы жетістіктерге карамастан, бұл адамның жаны мен тәнінің арақатынасын, оның шығу тегін түсіндіріп беруге қабілетті, теріске шығарылмайтындай айғақтар және дәлелдермен бекітілген сенімді теория болмай отыр. Адам туралы бар көзқарастар негізінен болжамдар мен ұсыныстарға ғана сүйенеді. Бұған таңдануға болмайды, өйткені әлем тура-

лы қазіргі ғылыми көзқарастар осыдан 300-400 жыл бұрын ғана қалыптаса бастады, ал бұл адамзаттың көпғасырлық тарихындағы аз ғана мезет. Алайда осыған қарамастан адам табиғатын философиялық түсіндіру жалпы теориялық деңгейде үлкен сенімге ие бола отырып, дұрыс бағыт сілтейді.

Адам туралы көзқарастардың даму тарихынан әрбір кезеңдерге сай космоцентризмді (табиғат центризмді), теоцентризмді, социцентризмді, антропоцентризмді және басқаларын бөліп қарастыруға болады. Адам мен оның рухы туралы идеялар ерте кезден-ақ пайда бола бастады. Мысалы, ежелгі үнді философиясында адам жанның көшуі туралы ілімге сәйкес рухтың субъективтік ретінде қарастырылса, ал қытайдың ертедегі бүкіл даналығы адамгершілікпен байланыстағы антропоцентристік сипатта болды. Космологиялық грек натурфилософиясында рух гилозоизм позициясына негізделді, яғни тірі мен өлі арасындағы шекара теріске шығарылып, универсумның жалпы жандылығы, әсіресе милет мектебі өкілдерінде мойындалды. Антикалық философияда антропологиялық проблематикаға өту софистердің ағартушылығымен және Сократтың этикалық рационализімімен басталады. Ортағасырлардағы діни философия рухқа басымдылық бере отырып, жан мен тәннің антропологиялық дуализмі арқылы түсіндірсе, ал Қайта өрлеу мен Жаңа заманның философиясы адамды аспаннан жерге түсіріп, оның мәселесін теоцентристік емес, антропоцентристік, гуманистік мағынада шешуге тырысты.

Адамдағы табиғи-биологиялық бастауға басты назар аударған Л. Фейербахтың антропологиялық материализмін К. Маркс әлеуметтік бағдарда дамытқаны белгілі. Он тоғызшы ғасырда А. Шопенгауэр, Ф. Ницше, С. Кьеркегор, В. Дильтей және т.б. тарапынан адам өмір философиясының тұрғысынан қарастырылды және бейклассикалық философияның бастауы болып саналатын бұл бағыт кейінірек М. Хайдеггер, Ж.П. Сартр, А. Камю дамытқан экзистенциализмнің де, Э. Мунье, П. Тейяр де Шарден дамытқан персонализмнің де идеялық-рухани алғышарты болды. Бұл

тарихи-философиялық экскурстан байқап отырғанымыздай, ХХ ғасырда философияда адам туралы жаңа дербес білім саласының – философиялық антропологияның пайда болуына қажетті барлық алғышарттар пісіп-жетілді. Осылайша жиырмасыншы ғасырдың 20-жылдары М. Шелердің, А. Геленнің және Х. Плесснердің еңбектерінің арқасында адам мен оның мәні туралы негізқұраушы ілім қалыптасты. «Философиялық антропологияның міндеті, – дейді М. Шелер, – адамзат болмысының негізгі құрылымынан адамның мынадай барлық спецификалық монополиялары, атқарған істері мен әрекеттері қалай туындайтынын дәл көрсетіп беру: адамның тілі, ар-ұяты, құралдары, қарулары..., мемлекет, билік, миф, дін, ғылым...».

Қазіргі кездегі ғылымда адамның биоәлеуметтік табиғаты туралы пікір қалыптасты. Адам пайда болуының биологиялық алғышартын ешкім теріске шығара алмайды, алайда адамды тұлға ретінде қалыптастыратын әлеуметтілік екені де сөзсіз. Адам өмір сүруінің табиғи-биологиялық жағы әлеуметтік-мәдени факторлармен «адамданады» және ортаға түсіріледі. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ғылыми-техникалық прогрестің асқан шапшаң өсуінің барысында және адамның өз ғылыми және практикалық әрекетінің нәтижелері үшін жауапкершілігінің артуы негізінде адамға деген көзқарас өзгерді. Енді философиялық антропология әр алуан ілімдермен, тұжырымдармен, бағыттармен (мысалы, биологиялық, теологиялық, социологиялық, психологиялық, мәдени (этнографиялық), структуралистік, педагогикалық және т. б.) сипатталатын адам туралы білімдердің анағұрлым жалпы кешенінің – жалпы антропологияның құрамдас бөлігіне айналды. Философиялық білімнің бір бөлігі ретінде философиялық антропология әлеуметтік философиямен, этикамен, социологиямен, психологиямен тығыз байланыста болып, адам туралы білімдердің кешенді ғылымын құрайды.